

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТИ
СПОРТ ЖӘНЕ ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТИ
ӨНЕР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ
МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 2 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

25.12.2024 жыл

Қатысқандар: АҚ төрағасы – оқытушы М.А.Матеева, АҚ мүшесі, академиялық персонал – Е.Б. Мамбетаев, АҚ мүшесі, академиялық персонал – ҚР Мәдениет саласының үздігі, аға оқытушы Д.Н.Елжанов, АҚ мүшесі, академиялық персонал – М.С. Сейсембекова, АҚ мүшесі, академиялық персонал – ҚР Мәдениет саласының үздігі, аға оқытушы У.А. Кулетова, АҚ мүшесі, академиялық персонал – М.П. Айдарша, АҚ мүшесі, академиялық персонал – Якуб Аягөз, АҚ мүшесі, академиялық персонал – С.О.Сопбеков, АҚ мүшесі, академиялық персонал – Т.К. Мустапаева.

Күн тәртібінде:

1. ББ аудиттері және шешімдер қабылдау (жаңарту, қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу, бірлескен, ББ әзірлеу).
2. Қолданыстағы бакалавр ББ ішкі сараптаудан өткізу.
3. Қараша-желтоқсан айларында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

Тындалды:

АҚ төрағасы Матеева М: Құрметті Ақ мүшелері, бүгінгі отырыста қаралатын мәселелер: ББ аудиттері және шешімдер қабылдау (жаңарту, қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу, бірлескен, ББ әзірлеу), қолданыстағы бакалавр және магистратура ББ ішкі сараптаудан өткізу, қараша-желтоқсан айларында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау. Осы мәселелер бойынша өз ойларыңызды ортага салып талқылайық.

АҚ мүшесі, академиялық персонал, С.Сопбеков:

Қолданыстағы 6B021 Өнер бағыты бойынша, атап айтатын болсақ: 6B02122-Дәстүрлі өнер (халық әні), 6B02123-Актерлік өнер, 6B02124-Хореография, 6B02126-Дизайн, 6B02165-Эстрада өнері, 6B02184-Сәндік-қолданбалы өнері білім беру бағдарламалары 2023-2024 оқу жылында жаңартылған болатын, осы білім беру бағдарламалары биылғы 2024-2025 оқу жылына да тиімді деп ойлаймын. Білім беру бағдарламалары жалпы мазмұны қазіргі заманғы талаптарға сай және өзектілігін жоғалтпағанын және қолданыста қалатынын айтқым келеді.

АҚ мүшесі, академиялық персонал, Т.Мустапаева:

6B021-Өнер бағытындағы білім беру бағдарламаларын талдай отырып, қазіргі заманауи талаптарға толықтай сәйкес келетінін айтуға болады. ББ ішкі аудит нәтижесінде ББ-лардың мазмұны сараланып, өзгеріс қажет емес деген қорытындыға келдік. Десе де алдағы жылдарда ББ-дағы пәндер бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. ББ бойынша білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру күн тәртібіндегі негізгі мәселенің бірі. ББ-ның басты мақсаты – заманауи талаптарға жауап беретін, бәсекеге қабілеттібілікті кадр даярлау. Сондықтан мамандық бойынша білімгерлердің қызығушылығын арттыру мақсатында да жүйелі жұмыстар жасалуы тиіс. Білімгерлер кейді білім беру бағдарламаның мәні мен

манызын, мақсаты мен функциясын жіті түсінбей жатады. Сондыктан сапалы контенттер қатарын толықтырып, білімгерлердің қызығушылығын арттыру.

АК мүшесі, академиялық персонал, Е.Мамбетаев:

Откен оку жылында ББ жасалған толықтырулар мен өзгертулер оң нәтижесін берді. Ағымдағы жылы ұйымдастырылған ішкі аудит барысында бағдарламалардың мазмұны сарапанып, өзгеріс қажет емес, - деген тұжырымға келдік. Пән атаулары мен сипаттамалары, кредиттік сағаттары тиімді көрсетілген. Сонымен қатар ағымдағы жылдағы ББ бағдарламалары жұмыс берушілер мен АК мүшелері тараپынан жақсы бағаланды. Қолданыстағы ББ аудит арқылы олардың өнер саласындағы жана қадамдар мен технологияларға сәйкестігі анықталды. Аудит нәтижесі бойынша ББ қайта қаралып, ББ мазмұнын әлі де болса толықтыруға болатынын айтқым келеді.

АК төрағасы Матеева М: Қараша-желтоқсан айларында атқарылған іс-шаралар бойынша жалпы нәтижелер қанағаттанарлық деңгейде екеніне тоқталды. Барлық жоспарланған іс-шаралар уақытында және белгіленген мақсаттарға сәйкес өтті. АК мүшелері оң пікірлер айтып, жақсы көзқараста екенін айтты.

Шешім: «Өнер» даярлау бағыты бойынша барлық білім беру бағдарламаларына өзіндік бағалау жұмыстары жүргізілсін, қолданыстағы білім беру бағдарламалары ешқандай өзгеріссіз сол күйінде қалатыны туралы шешім қабылдансын. Қараша-желтоқсан айында атқарылған іс-шаралар қанағаттанарлық деп табылсын.

АК төрағасы:

М.А.Матеева

Хатшысы:

М.П.Айдарша